



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1204 Қаулысы
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 23 желтоқсандағы
N 1204 қаулысы мен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары Астана - 2008 ж. Мазмұны

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің миссиясы мен п а й ы м д а у ы
2. Ағымдағы жағдайды талдау
3. Мәдениет және ақпарат министрлігі қызметінің стратегиялық бағыттары, стратегиялық дамуының мақсаттары және түйінді нысаналы индикаторлар
4. Министрліктің функционалдық мүмкіндіктері және ықтимал қатерлер
5. Нормативтік-құқықтық база

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің миссиясы мен пайымдауы

Мәдениет және ақпарат министрлігінің миссиясы - мәдениет және ақпарат саласында сапалы және қолайлы қызметтер көрсетуге, ұлттың тұрақты дамуын,

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына енуіне, мемлекеттілікті күшейту және азаматтардың бойында әлеуметтік оптимизмді қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік саясатты әзірлеу және тиімді жүзеге асыру.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің пайымдауы - әлемдегі барынша бәсеке қабілетті мемлекеттер стандарттарына жауап беретін, ақпараттық қауіпсіздікті, дүниежүзілік мәдени-ақпараттық кеңістікке толыққанды кірігуді және Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз ететін қазіргі заманғы жалпыұлттық мәдени-ақпараттық орта.

2. Ағымдағы жағдайды талдау

Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, азаматтардың ақпараттық және мәдени қажеттіліктерін сапалы қанағаттандыру, мемлекеттік саясатты ақпаратпен тиімді сүйемелдеу, қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының жүйесінде идеологиялық ведомство ретіндегі министрлік мәртебесін анықтайды.

Осыған байланысты жақын арадағы жылдарда министрлік қызметі бірқатар үрдістермен байланысты болады.

Біріншіден, еліміздің дамуының жаңа кезеңінде ішкі саясат саласында жаңа тәсілдерді жасау мәселелері ерекше назар аударуды талап етеді. Ұлттың әрі қарай тұрақты дамуы үшін, ең алдымен, ұлттың алдында тұрған стратегиялық міндеттерді бірыңғай түсіну негізінде Қазақстан халқын шоғырландыру қажет.

Екіншіден, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі бақыланатын жақын және алыс шет елдердің мәдениет және ақпараттық өнімдерінің басым ықпал жасауы.

Аталған үрдіс шетелдік үздік үлгілермен бәсекелестікке қабілетті отандық мәдени және медиа-өнімдерді шығаруды арттыруға үлкен назар аударуды талап етеді.

Үшіншіден, бұл қоғамдық өмірдің барлық салаларында бәсекеге қабілеттілікті арттыру нәтижесінде Қазақстанның дүниежүзілік саяси-экономикалық жүйедегі р о л і н і ң өзгеруі.

Республиканың халықаралық аренадағы табыстары мен жетістіктерінің ілгерілеуі мемлекеттің ел ішіндегі және шет елдегі оң имиджін мұқият пысықтауды талап етеді.

Бұл үрдістерді мәдени-ақпараттық саланың дәйекті және жүйелі шешуді талап ететін, қазіргі даму проблемаларымен тығыз байланыста қарастыру қажет.

2.1. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтердің төмен сапасы.

Сала инфрақұрылымының жай-күйі.

Республикалық мәдениет мекемелерінің желісін 38 республикалық, 6 мыңнан астам облыстық мәдениет ұйымдары құрайды, соның ішінде: 164 мұражай, 3 763 кітапхана, 2 320 клуб, 48 театр, 24 концерттік ұйымдар, 58 кинотеатр және телетеатрлар, 458

киноқондырғылар, 4 хайуанаттар бағы, 2 цирк, 28 мәдениет және демалыс саябақтары бар. Тұтастай ел бойынша соңғы үш жылда 203 мәдениет объектісі салынды және іске қ о с ы л д ы .

Саланың табыстары және жетістіктері.

Заңнамалық базаны жетілдіру шеңберінде 2006 жылы "Мәдениет туралы" ҚР Заңы, 2007 жылы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңы қабылданды, оның негізінде осы салада әр түрлі мәселелерді регламенттейтін 16 заңға тәуелді нормативтік құқықтық акті әзірленді.

Сонымен қатар, 2008 жылы 2009 - 2011 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасы тұжырымдамасының жобасы бекітілді, сондай-ақ "Мәдениет туралы" ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңының жобасы әзірленді.

Қазіргі уақытта іске асырылған жобалардың ішінде: "Қазақстан кітапханасы", " Ұлттық мұра" веб порталдары бар. 2000 кітапқа цифрлау жүргізілді, 22 мыңға жуық жәдігерге цифрлік форматта қол жеткізуге болады.

Мәдениет мекемелері көрсететін қызметтер. 2007 жылы 10 мыңға жуық спектакль қойылды, 7 мың концерт, 80 мың мұражай экскурсиялары, 10 мың лекция өткізілді, 35 тарих және мәдениет ескерткіштері қайта қалпына келтірілді (бұл 2006 жылға қ а р а ғ а н д а 5 - 1 0 % - ғ а а р т ы қ) .

Сонымен қатар, 1060 экспонат қайта қалпына келтіріліп, 114 330 экспонат сатып алынды, 255 көрме, 310 лекция, 5 600 экскурсия өткізілді, 160 ғылыми мақала шығарылды, кітапханаларда 480 кітап көрмесі, 25 дөңгелек үстел, конференциялар ө т к і з і л д і .

Мәдениет қайраткерлерін қолдау. 2007 жылы музыкалық, драма, әдеби-сахналық, соның ішінде, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған туындыларды жасауға 92 мемлекеттік грант бөлінді.

Мәдени іс-шаралар өткізу. 2007 жылы 2 халықаралық және 3 республикалық театр фестивалдері, 4 халықаралық және халықтық жанрдағы 2 республикалық байқау, сонымен қатар, 3 халықаралық кинофестиваль өткізілді.

Қаржыландыру. Мәдениет саласындағы жұмыстарды жүргізу үшін 2005 - 2008 жылдардағы бөлінген қаржының көлемі 69,7 млрд. теңгені құрады: 2005 жылы - 8,8 млрд., 2006 жылы - 11,3 млрд., 2007 жылы - 20,1 млрд., 2008 жылы — 36,2 млрд. теңге.

Саланың ағымдағы және перспективалы проблемаларының арасында мыналарды а т а п ө т у қ а ж е т .

Біріншіден, Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасын зерделеудің, дамытудың және танымал етудің жеткіліксіз деңгейі;

Екіншіден, мәдениет саласындағы отандық өнімнің қызмет көрсету нарығындағы шетел өндірушілерінің мықтысымен салыстырған кезде бәсекеге қабілеттілігінің төмен б о л у ы ;

Үшіншіден, өңірлердегі мәдениет мекемелері желісін дамытудағы үйлеспеушілікке негізделген, республика халқының мәдениет мекемелері көрсететін қызметтерге бірдей қ о л ж е т к і з е а л м а у ы ;

Төртіншіден, нормативтік-құқықтық базаның жетілдірілмеуінде, өңірлердегі мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын дамытудың төмен деңгейінде, мәдениет мекемелері мен мамандандырылған кадрлар тапшылығында көрініс беретін, мәдениет саласы инфрақұрылымы дамуының төмен дәрежесі.

2.2. Мемлекеттік тілді қолданудың төмен дәрежесі, Қазақстан халқының бірігу факторы ретінде төзімді тілдік ортаны сақтаудың қажеттілігі.

Сала инфрақұрылымының жай-күйі. Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы жұмыс істейді. Мемлекеттік тілге үйрету орталықтарының өңірлік желісі дамуда: 2005 жылы олардың саны 8 болды, 2006 жылы - 11, 2007 жылы - 15 облыстық, 16 аудандық және 5 қалалық орталық құрылды.

Саланың табыстары және жетістіктері.

Республиканың 10 жергілікті және 26 орталық мемлекеттік органдарында іс жүргізу мемлекеттік тілге көшірілді.

Ересектерге мемлекеттік тілді жеделдетіп оқытудың тұжырымдамасы, стандарты және үлгі бағдарламасы, мемлекеттік тіл және Қазақстан халқы тілдеріндегі электрондық тілашар (5 тілде), анимациялық оқыту ойындары, қазақ тілі бойынша электрондық оқулық, электрондық қалта аудармашысы, қазақ тілінің электрондық дыбыстық оқулығы, техникалық бейінді мамандарды мемлекеттік тілге оқытудың дистанциялық мультимедиялық кешенінің жүйесі, дербес компьютерлерге арналған қазақ тілін қолдаудың кешенді компьютерлік бағдарламасы, мәтіндерді бір қаріптік графикадан басқасына қайта кодтаушы бағдарламалар әзірленді және бекітілді.

Ел аумақтарындағы тілдің жай-күйіне мониторинг және талдаудың жүйесі автоматтандырылды. Мемлекеттің тіл саясаты бойынша ақпараттық орталықтың рөлін атқарушы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі" интернет-порталы іске қ о с ы л д ы .

БАҚ-та мемлекеттік тілді насихаттау. Егер 2005 жылы елде 244(17,3%) қазақ тіліндегі, 549 (38,9) - орыс тіліндегі, 445 (31,5%) қазақ және орыс тілдеріндегі БАҚ есепке қойылған болса, 2008 жылғы қазақ тіліндегі БАҚ саны 463 (19%), орыс тіліндегі БАҚ - 874 (34%), қазақ және орыс тілдеріндегі БАҚ - 879 (35%) құрады.

Ұлттық-мәдени бірлестіктердің жанындағы жексенбілік мектептер: Достық үйлерінің жанында жұмыс істейтін 200 жексенбілік мектептер мен 3 ұлттық қайта түлеу мектебінде, Қазақстанда тұратын, 30-ға жуық этностық топтарының тілдері о қ ы т ы л а д ы .

Тілдердің үш тұғырлығы саясаты: мемлекеттік органдардың іс жүргізуінде орыс тілі қазақ тілімен қатар ресми қолданылады. Қазақ тілін меңгермеген азаматтар үшін арнайы курстар ұйымдастырылады. Сондай-ақ, ағылшын тілі үйренуге жағдай

ж а с а л у д а .

Қаржыландыру. 2005 - 2008 жылдардағы бөлінген қаржының көлемі 3 905 млн. теңгені құрады: 2005 жылы Республикалық бюджеттен - 133,7 млн. теңге, 2006 жылы - 588,4 млн. теңге, 2007 жылы - 1 639 млн. теңге, 2008 жылы - 1 543,9 млн. теңге бөлінді.

Саланың ағымдағы және перспективалы проблемаларының арасында мыналарды а т а п ө т у қ а ж е т .

Біріншіден, қоғамның барлық саласында мемлекеттік тіл қолданылуының ж е т к і л і к с і з д ә р е ж е с і .

Екіншіден, тілдерді оқыту инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы.

Үшіншіден, шет елде тұратын отандастармен қарым-қатынастарды әрі қарай к е ң е й т у қ а ж е т т і г і .

2.3. Отандық ақпарат кеңістігін дамытудың төмен деңгейі.

Ақпараттық сала инфрақұрылымының жай-күйі. Республикада 2 810 бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істейді. Олардың: 91% газеттер және журналдар, 8,5% - электрондық БАҚ, 0,5 % - ақпараттық агенттіктер. Бүгінгі күні 79% - БАҚ мемлекеттік е м е с б о л ы п т а б ы л а д ы .

Мұрағат ісі саласы инфрақұрылымының жай-күйі. Республиканың бірыңғай мемлекеттік мұрағаттар желісін құрайтын, республика бойынша 234 мемлекеттік мұрағат м е к е м е л е р і ж ұ м ы с і с т е й д і .

Саланың табыстары және жетістіктері.

БАҚ саласында. 2005 - 2007 жылдар аралығында есепке қойылған БАҚ санының өсуі 63,1% құрады. Баспасөз бұқаралық ақпарат құралдарының таралымы өсуде. 215 электрондық бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді. Жалпыұлттық ірі электрондық БАҚ таратылуының қамтуы: "Хабар" - 95,7%, "Қазақстан" - 96,25%, "Ел Арна" - 75,5%, "Бірінші канал - Евразия" - 78,6%, "Қазақ радиосы" - 86,99 %.

Орталық Азия, Орта Шығыс, Еуропа және Солтүстік Африка елдерінің аумақтарына хабар таратуды жүзеге асыратын "Caspionet" спутниктік арнасы жұмыс і с т е й д і .

Мұрағат ісі саласында. Мұрағат саласының жұмыс істеуіне қажетті заңнамалық және нормативтік құқықтық база құрылды. 2001-2007 жылдары Ұлттық мұрағат қоры және жеке құрам бойынша құжаттардың көлемі 16 360,4-тен 18 600,2 мың бірліктерге д е й і н ө с т і .

Мемлекеттік мұрағаттардың материалдық-техникалық базасын жаңғырту, компьютерлендіру, автоматтандырылған мұрағат технологияларын енгізу жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Шет елдердің мұрағаттарында, кітапханаларында және ғылыми мекемелерінде сақталуда жатқан Қазақстан тарихы бойынша құжаттарды іздеу және (кө ш і р м е л е р і н) а л у жү р г і з і л у д е .

Мамандардың АҚШ, Ұлыбританияның, Германияның, Египеттің, Францияның, Түркияның, Польшаның, Қытайдың, Ресейдің, Өзбекстанның, Арменияның мұрағат

және ғылыми мекемелеріне сапарлары ұйымдастырылды.

Қаржыландыру. Мемлекеттік ақпараттық саясатты 2005-2008 жылдарда қаржыландыру көлемі **47 837,4 млн. теңгені** құрады, соның ішінде: 2005 жылы - 8 811,8 млн. теңге, 2006 жылы - 10 480,4 млн. теңге, 2007 жылы - 12 077,8 млн. теңге бөлінді.

Мұрағат қорын сақтауды қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен 2005 жылы - 130 502 мың теңге, 2006 жылы - 290 034 мың теңге, 2007 жылы - 274 505 мың теңге бөлінді.

Саланың ағымдағы және перспективалы проблемаларының арасында мыналарды атап өту қажет:

Біріншіден, қазақстандықтардың әлеуметтік оптимизмін қалыптастыру шеңберінде мемлекеттік ақпарат саясатын жетілдіру қажеттігі. Бұл бағытта мемлекеттің даму стратегиясын және әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру жөніндегі жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатты отандық БАҚ-тың ақпараттық қолдауын кеңейту және сапасын арттыру қажет. Сонымен қатар ақпарат саласындағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету және БАҚ құқықтық мәдениетін арттыру керек.

Екіншіден, отандық ақпарат саласының бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі.

Мұның себебі медиа инфрақұрылымының технологиялық артта қалғандығы, отандық телерадио хабарларын таратуды дамытуға және оның тақырыптық саралануына кедергі келтіруші ретінде радиожиліктік спектрінің шектелгендігі болып табылады.

Сондай-ақ, шетелдік медиа өнім үстем болған кезде отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі байқалады.

Үшіншіден, азаматтардың мұрағаттық ақпаратқа қол жеткізуін кеңейту қажеттілігі.

Жалпы мемлекеттік деңгейде құжаттаманы, басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі мен технологиясын жасаудың, ұйымдастыруды безендірудің, біріздендірудің және стандарттаудың бірыңғай қағидаты жоқ.

Сондай-ақ, мұрағат ісі мен іс жүргізу саласында жоғары білікті мамандарды даярлау және қайта даярлау жүйесі жоқ.

Сақталатын мемлекеттік мұрағаттық құжаттаманың артып келе жатқан көлемі мен саланың кадрлық әлеуетінің сәйкес келмеуі байқалады.

2.4. Ұлттың орнықты дамуы үшін мемлекеттілікті одан әрі нығайту, Қазақстан халқының бірлігі мен қоғамның бірігуі қажеттілігі.

Сала инфрақұрылымының жай-күйі. Республикада 10 саяси партия, 617 ұлттық-мәдени орталық, 40-тан астам конфессиялар мен деноминацияларды танытатын, 4 мың діни ұйым, 5 800-ден астам ҮЕҰ және бірқатар кәсіптік одақтар жұмыс істейді.

Саланың табыстары және жетістіктері. Мемлекеттің және "үшінші сектордың" өзара іс-қимылының маңызды институттары Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық Палата, Қазақстан

Республикасы Үкімет жанындағы ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесі, сондай-ақ, орталық мемлекеттік органдардағы және барлық деңгейдегі әкімдер жанындағы ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестер болып табылады.

Салалық бағдарламалар. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі N 154 Жарлығымен бекітілген Азаматтық қоғамды дамытудың 2006 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 маусымдағы N 593 қаулысымен бекітілген Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасы.

Нормативтік құқықтық база. "Мемлекеттік рәміздер туралы" ҚР Конституциялық Заңы, "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" ҚР Заңы қабылданды.

Қаржыландыру. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруға 2005 жылы 59 млн. 700 мың теңге бөлінді, 2006 жылы - 200 млн. теңге, 2007 жылы - 299 млн. 28 мың теңге, 2008 жылы - 709 млн. 200 мың теңге бөлінді.

Саланың ағымдағы және перспективалы проблемаларының арасында мыналарды атап өту қажет.

Біріншіден, қоғамның және барлық мақсатты топтардың мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы "үндесу алаңдары" және ақпараттық-насихаттау іс-шаралары арқылы хабардар болу деңгейін арттыру қажеттілігі;

Екіншіден, елді дамыту мақсатында қоғамды шоғырландыру және жалпықазақстандық патриотизмді одан әрі қалыптастыру қажеттігі;

Үшіншіден, қоғамның әлеуметтік міндеттерін орындауға ҮЕҰ қатыстыруды кеңейту қажеттігі.

Көрсетілген мәселелер аясында министрлік жұмысының тиімділігін жақсарту мақсатында басқарудағы жаңа қадамдар жасау қажеттілігі ерекше маңызға ие болып отыр.

Біріншіден, салалық инфрақұрылымды оның рөлін өзгерту кезінде түпкілікті жаңарту қажет.

Бүгінде Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан аймақтардағы мәдениет және ақпарат саласындағы саясатты іске асыруға жауапты органдардың қызметіне пәрменді әсер ету тетіктері жоқ.

Сыртқы инфрақұрылым - жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ведомстволық бағыныстағы ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ аутсорсингті компаниялар - мүлдем басқа рөл орындауы тиіс.

Жаңа қағидаттарға сапалы өту Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәдени-ақпараттық кеңістіктің жұмыс істеуі мен дамуындағы атқарушы өкілеттіліктерін біртіндеп инфрақұрылым субъектілеріне беруіне байланысты.

Екіншіден, саладағы нарықтық тетіктердің дамымағандығы.

Аталған мәселені шешу үшін нарықтық құралдардың толық спектрін (лицензиялау

мен сертификаттау, мәдениет және ақпарат саласындағы мемлекеттік холдингтер құру және т.б.) қалыптастыру және дамыту қажет.

Саладағы бәсекелестікті дамыту бәсекеге қабілетті өнім шығару үрдісін ынталандыратыны анық. Ол ішкі мәдени-ақпараттық кеңістік сапасын арттырады және әлемдік мәдени-ақпараттық ортаға толыққанды еруге жағдай жасайды.

Үшіншіден, министрлік басқару жүйесін жетілдіру қажет.

Дамудың қазіргі сатысында министрлікті басқарудың жаңа жүйесі біріншіден, салаларды және барлық мәдени-ақпараттық кеңістікті айқын және тиімді әкімшілендірумен, екіншіден, нысаналы көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылатын және нәтижеге бағдарланған бағдарламалы-мақсатты үлгісін енгізумен сипатталуы тиіс, бұл министрлікке Қазақстанның мәдени-ақпараттық кеңістігі операторы мен әкімшісі функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, жалпы мемлекеттік Даму стратегиясын іске асыру үшін барлық нысаналы топтарды шоғырландыру қажет.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі дамуының салалық және құрылымдық проблемаларының арақатынасы

Кестені қағаз мәтінінен қараңыз.

3. Мәдениет және ақпарат министрлігі қызметінің стратегиялық бағыттары, стратегиялық дамуының мақсаттары және түйінді нысаналы индикаторлар

Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.06 N 636 Қаулысымен.

1. Мәдениет және өнер салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру
2. Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру
3. Отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру
4. Мемлекеттілікті, халық бірлігін әрі қарай нығайту, ұлтты тұрақты дамыту үшін қоғамды шоғырландыруды қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі дамуының стратегиялық және функционалдық бағыттарының арақатынасы

Кестені қағаз мәтінінен қараңыз.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің даму көрсеткіштері
1-кесте

		Көрсеткіштің / индикатордың	Есеп беру
Ө л ш е м			

Атауы	бірлігі	қорытынды		кезеңі	Жоспарлы кезең		
		мәні			кезең		
2007 жыл (есеп)	2008 жыл (жоспар)	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл			
1. Стратегиялық бағыт. Мәдениет және өнер салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру							
1.1-мақсат. "Мәдени мұра" ұлттық стратегиялық жобасын әрі қарай іске асыру							
Нысаналы индикаторлар							
"Мәдени мұра" бағдарламасының аясында іске асырылатын жобалар туралы тұтынушылардың хабарлылық деңгейі	%	100	-	38,5	40	70	90
1.1.1-міндет. Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және дамыту							
Ұлттық мәдениет тарихында ерекше маңызы бар қалпына келтірілген ескерткіштердің саны	бір.	218	10	10	8	7	7
1.1.2-міндет. Тарихи-мәдени мұраларды түсіндіріп тарату, Қазақстанның бірегей бренді ретінде "Мәдени мұра" бағдарламасының халықаралық беделін арттыру							
Туристік бағыттардағы объектілер болып табылатын тарихи және мәдени ескерткіштердің саны	бірл.	-	135	137	137	141	148
Тарихи-мәдени мұраларды түсіндіріп таратуға бағытталған дүниежүзілік (BBC, Discovery) арналардың форматында жасалған жоғары сапалы деректі фильмдердің саны	бірл.	-	-	-	2	1	1
1.2-мақсат. Отандық мәдениетті елде және шет елдерде түсіндіріп тарату							
Нысаналы индикаторлар							
Тұтынушылардың отандық мәдени өнімдердің сапасына қанағаттанушылық деңгейі	%	-	-	-	30	50	50
Шараларға қатысатын шет елдік көрермендер	адам	-	40 000	55 000	30 000	65 000	70 000
1.2.1-міндет. Мәдениет саласындағы отандық өнімдерге қажеттіктің артуын ынталандыру							
Жалпы кинопрокат көлеміндегі отандық фильмдердің үлесі	%	15-тен кем емес	3	4,5	5,2	6,5	8
Халыққа қолайлы, жалпы өнер саласындағы жаңа	%	30-дан кем	22	24	13	28	30

отандық туындылардың үлесі		емес					
Мемлекеттік кітапханалық қорларды толықтыруға арналып шығарылатын әлеуметтік маңызды әдебиеттер атауларының саны	бірл.	-	400	440	480	500	500
1.2.2-міндет. Мәдениет және өнер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша шығармашылық бірлестіктер және одақтармен әрекеттестікті нығайту							
Мемлекеттік саясатты іске асыруға тартылған шығармашылық одақтар мен бірлестіктердің үлесі	%	100	30	50	70	80	100
1.3-мақсат. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мәдени құндылықтарға халықтың қол жеткізуін кеңейту							
Нысаналы индикаторлар							
Цифрлық форматтағы мәдениет саласының қызметтерін пайдаланушылардың саны	мың адам	-	-	150	0	350	450
1.3.1-міндет. Ұлттық кітапханалық жүйе қорларына қол жеткізуді кеңейту							
Кітапханалардың электрондық қызметтерін пайдаланушылардың саны	Мың адам	-	-	150	0	170	180
Цифрлық форматқа аударылған кітапханалық қордың үлесі	%	100	-	0,5	0	10	20
1.3.2-міндет. Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларына қол жеткізуді кеңейту							
Цифрлық форматқа аударылған тарихи-мәдени мұра объектілерінің үлесі	%	100	-	0,5	0	5	10
1.4-мақсат. Мәдениет және өнер салаларының инфрақұрылымын дамыту							
Нысаналы индикаторлар							
Техникалық жағдай саласындағы нормативтерге жауап беретін мәдениет ұйымдарының үлесі	%	-	-	-	2009 ж. зерттеулердің нәтижесі бойынша		
1.4.1-міндет. Мәдениет саласындағы нормативті-құқықтық қорды толық жетілдіру							
Тұрғылықты жерлер және аймақтарды мәдениет мекемелерімен қамтамасыз ету әзірленген және бекітілген нормативтердің (стандарттардың) саны	бірл.	-	-	-	-	-	1
1.4.2-міндет. Мәдениет мекемелерінің жүйесін жаңарту және кеңейту							
Республика халқының әр 1000 адамына шаққандағы мәдениет мекемелерінің саны	бірл. / 1000 адам	1,2	0,46	0,47	0,47	0,48	0,48

1.4.3-міндет. Мәдениет қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеру

Шет елдерде тәжірибеден өткен мәдениет мекемелері қызметкерлерінің үлесі	адам.	-	10	-	100	-	-
Мәдениет саласындағы мамандықтар бойынша грант негізіндегі оқудың есебінен кадр тапшылығын төмендету	Кадрларға қажеттілік, ад. / мәдениет саласындағы мамандық- тарды бітіру- шілердің саны, ад.	-	4 000/ 780	3 200/700	2 400/ 700	1700/700	1000/700
ЖОО мәдениет саласындағы мамандықтарды бітірушілердің жұмысқа орналасу деңгейі	бітірушілер саны, ад./ жұмысқа орналасқандардың саны				2008 ж. зерттеулердің нәтижесі бойынша		
Мәдениет саласындағы қызметкерлердің еңбекақысын көтеру	%	80	-	-	25	25	30

2-кесте

Атауы	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштің / индикатордың қорытынды мәні	Есеп беру кезеңі	Жоспарлы кезеңі
2007 жыл (есеп)	2008 жыл (жоспар)	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл

2. Стратегиялық бағыт. Қазақстан халқын біріктіру ф а к т о р ы ретінде төзімді тілдік орта құру

2.1-мақсат. Мемлекеттік тілді, Қазақстан халқының тілдерін дамыту және тілдердің үш тұғырлығы принципін орындау

Нысаналы индикаторлар

Мемлекеттік тілді меңгерген республикадағы ересектердің үлесі	%	100	47,0	51,0	52,0	60,0	65,0
Орыс тілін меңгерген республикадағы ересектердің үлесі	%	100	85,0	86,0	88,0	89,0	97,0
Ағылшын тілін меңгерген республикадағы ересектердің үлесі	%	70	0,6	1,1	2,0	5,6	6,2

2.1.1-міндет. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік қатынас және біріктіру функцияларын кеңейту

Қоғамдық өмірдің негізгі салаларында мемлекеттік	%	100	-	30	32	50	75
--	---	-----	---	----	----	----	----

тілге деген сұраныстың дәрежесі							
Мемлекеттік органдарда жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілде іс жүргізу жұмысының салыстырмалы көлемі	%	100	40	50	60	80	90
Мемлекеттік тілді меңгерген ұлтты қазақ емес ересектер үлесі	%	100	6	8	12	17	22
Мемлекеттік тіл ұлттық порталын қолданушылардың саны	мың адам	-	-	-	2008 ж. зерттеулер нәтижесі бойынша		
2.1.2-міндет. Тілдердің үш тұғырлылық принципін орындау							
Республикадағы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгергендердің үлесі	%	100	0,5	1,0	1,5	3,5	5,0
2.1.3-міндет. Қазақстан халқының тілдерін сақтау және дамыту							
Ұлттық-мәдени бірлестіктер жанынан құрылған тіл үйрену курстарымен қамтылған өзге этнос өкілдерінің үлесі		90	75	77	79	81	87
2.1.4-міндет. Шетелдегі отандастармен мәдени байланыстарды нығайту және дамыту							
Ұйымдық-әдістемелік шаралармен қамтылған қазақ диаспорасы өкілдері тұратын мемлекеттер саны	саны	45	7	9	12	18	20

3-кесте

Атауы	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштің/индикатордың қорытынды мағынасы		Есеп беру кезеңі	Жоспарлы кезең		
		2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл			
3. Стратегиялық бағыт. Отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру							
3.1-мақсат. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жетілдіру аясында қазақстандықтардың әлеуметтік оптимизмін қалыптастыру							
Нысаналы индикаторлар							
Ел дамуының негізгі басымдықтары және жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат бойынша мемлекеттік тапсырыс орындаушы БАҚ арқылы	%	-	-	80,7	83		87

халықтың хабарлылық деңгейі (ақпараттық наукандардың нәтижелілігі)						85	
Саясаткерлерге қоғамдық сенім	%	-	-	25,3	30	37	45
3.1.1-міндет. Отандық бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстанның Даму стратегиясы мен әлемнің бәсеке қабілетті 50 елінің қатарына енуін ақпараттық қолдаудың тиімділігін арттыру мен кеңейту							
Аталған бағыт бойынша республикалық БАҚ-тың жалпы контентіндегі мемлекеттік ақпараттық саясаттың негізгі тақырыптық бағыттары бойынша оң бағыттағы материалдар үлесі (ақпараттық қолайлылық көрсеткіші)	%	-	65	70	80	85	90
Мемлекеттік тапсырыс бойынша шыққан отандық баспасөз БАҚ материалдарының көлемі (жыл ішінде)	А - 2 форматындағы бет тіркемелі-баспа парағы	-	11860	12 685	12 685	12 685	12 685
		-	810	875	875	875	875
Мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру аясында шыққан телевизиялық және радиобағдарламалар көлемі (жыл ішінде)	сағат	-	73 037	68 860	68 708	68 708	68 708
3.1.2-міндет. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыру бойынша медиа-кеңістікпен ықпалдастықты белсендендіру							
Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыруға тартылған журналистік ұйымдар үлесі	%	100	-	80	90	100	100
3.1.3-міндет. Бұқаралық ақпарат құралдарының құқықтық мәдениетін көтеру және заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету							
Мониторингпен қамтылған электронды БАҚ өнімінің көлемі	сағат	105 120	-	65 700	74 460	83 220	91 980
Мониторингпен қамтылған баспа БАҚ өнімінің көлемі	беттердің саны	-	18 792	19 731	20 718	21 754	22 841
МАМ-ның медиа-кеңістікпен ықпалдасуы аясында БАҚ-тың құқықтық мәдениетін көтеру және ақпараттық заңнаманы жетілдіру бойынша біріккен жобалар саны	бірл.	-	-	1	1	1	1

3.2-мақсат. Отандық ақпараттық өнімнің бәсеке қабілеттілігін арттыру**Нысаналы индикатор**

Отандық ақпараттық өнім тұтынушыларына қажеттілік деңгейі	%	-	-	25,3	30	37	45
---	---	---	---	------	----	----	----

3.2.1-міндет. Цифрлы телерадиохабарларын таратуды өндіру

Республика аумағын цифрлік хабар таратумен қамту	%	100	-	-	-	25	40
--	---	-----	---	---	---	----	----

3.2.2-міндет. Мемлекеттік медиа-ресурстар корпоративтік басқаруының тиімділігін арттыру

"Арна-Медиа" ұлттық ақпараттық холдингінің мемлекеттік пакет акциясына дивидендтерінің өсу деңгейі	%	-	-	-	5	7	7
--	---	---	---	---	---	---	---

3.2.3-міндет. Мемлекеттік электрондық БАҚ-тарды тақырыптық саралану (қазіргі жұмыс жасап тұрғандардың негізінде республикалық мамандандырылған телеарналар құру)

Тақырыптық сараланудан өткен мемлекеттік телеарналардың саны	бірлік	3	-	-	1	1	1
--	--------	---	---	---	---	---	---

3.2.3-міндет. Шетелдік ақпараттық өнімге деген тәуелділіктің төмендеуі

Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республикалық телеарналардың хабар таратуының жалпы желісіндегі меншікті өндіріс өнімінің үлесі (жылына)	%	50 кем емес	30	35	35	45	50
--	---	-------------	----	----	----	----	----

Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республикалық телерадиоарналардың хабар таратуының жалпы желісіндегі меншікті өндіріс өнімінің үлесі (жылына)	%	50 кем емес	30	35	35	45	50
---	---	-------------	----	----	----	----	----

Спутниктік сегментте мемлекеттік арналардың хабар таратудың орта тәуліктік көлемі	сағат	24	17,25	19,75	20	20,5	20,4
---	-------	----	-------	-------	----	------	------

3.3-мақсат. Халықтың Ұлттық мұрағаттық қор ресурстарына қол жеткізуін кеңейту**Нысаналы индикатор**

Мұрағаттық ақпараттарды пайдаланушылардың қанағаттанған сауалдарының үлесі	%	-	70	70	75	80	85
--	---	---	----	----	----	----	----

3.3.1-міндет. Ұлттық мұрағаттық қордың құрамы мен мазмұнын сақтауды, байытуды қамтамасыз ету

Мемлекеттік және ведомстволық сақтауда болатын Ұлттық мұрағаттық қор құжаттарды жалпы							
---	--	--	--	--	--	--	--

көлемде тұрақты сақтауды қамтамасыз ететін нормативтік шарттарда болатын Ұлттық мұрағаттық қор және ведомстволар құжаттарының үлесі	%	100	40	50	70	90	100
---	---	-----	----	----	----	----	-----

4-кесте

Атауы	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштің / индикатордың қорытынды мағынасы	Есеп беру кезеңі	Жоспарлы кезең
		2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
2007 жыл (есеп)	2008 жыл (жоспар)			

4-стратегиялық бағыт. Мемлекеттілікті, халық бірлігін әрі қарай нығайту, ұлтты тұрақты дамыту үшін қоғамды шоғырландыруды қамтамасыз ету

4.1-мақсат. Халық бірлігін қамтамасыз ету және жалпы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру

Нысаналы индикатор

Мемлекет пен қоғамдық санада мемлекеттік саясатты дамыту Стратегиясын қолдау деңгейі	%	90 кем емес	77,7	79	55	85	90
--	---	--------------------	------	----	----	----	----

4.1.1-міндет. Ұлтаралық келісімді нығайту және Қазақстан халық ассамблеясының рөлін одан әрі көтеру

Қоғамдық санада мемлекеттік саясатты ұлтаралық қатынас саласында дамыту деңгейі	%	100	70	76	70	85	90
---	---	------------	----	----	----	----	----

Ересек халықтың үлесі МАМ, Қазақстан халқы Ассамблеясы және ұлттық-мәдени бірлестіктер өткізетін ұлтаралық келісім және толеранттықты насихаттау іс-шараларына тартылған ересек халықтың үлесі	%	80	53	63	70	75	80
--	---	-----------	----	----	----	----	----

4.1.2-міндет. Қазақстан дамуының, мемлекет саясатымен жүргізілген Стратегиясы мен басымдықтарын түсіндіру және насихаттау

Халықты бағдарламалық құжаттармен және ақпараттық-насихат іс-шаралары нәтижесінде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарымен ақпараттандыру	%	95	70	75	80	83	90
---	---	-----------	----	----	----	----	----

Мемлекеттік саясаттың бағдарламалық құжаттарын және негізгі бағыттарын түсіндіру және насихаттау жөніндегі шараларға тартылған ересек халықтың үлесі	%	95	63	70	78	83	90
Салауатты өмір салты құндылықтарын насихаттау жұмысына тартылған халықтың үлесі	%	80	-	-	50	55	60
Гендерлік саясаттың негізгі бағыттары мен іске асырылуы жөнінде азаматтарды ақпараттандыру деңгейі	%	90	30	40	45	50	55
4.1.3-міндет. Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарына құрмет сезімін қалыптастыру							
Қазақстанның мемлекеттік нышандары туралы азаматтарды ересек халық арасында ақпараттандыру деңгейі	%	95	70	73	77	81	85
Мемлекеттік мекемелерді мемлекеттік нышандарды кең насихаттайтын имидждік материалдармен қамтамасыз ету деңгейі	%	100	10	10	30	35	40
Мемлекеттік нышандарды кең насихаттайтын іс-шараларға қатысқан ересек халықтың үлесі	%	-	40	45	50	55	60
4.2-мақсат. Мемлекеттілікті мемлекеттің азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-әрекетін жетілдіру арқылы нығайту							
Нысаналы индикатор							
Азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттің өзара қарым-қатынасын оңды бағалаған респонденттердің үлесі	%	80	-	40	40	52	55
4.2.1-міндет. Елді дамыту стратегиясын іске асыруға азаматтық қоғам институттарының қатысуын кеңейту							
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыруға тартылған ҮЕҰ-дың саны нышандарды кең насихаттайтын	бірл.	-	46	80	120	150	180

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі ҮЕҰ-дың қызметтеріне тартылған халықтың үлесі	%	-	10	13	16	19	22
Азаматтық қоғам институттарының қатысуымен тұрақты негізде жұмыс жасайтын үндесу алаңдарының саны	бірлік	-	200	240	300	330	350

Мемлекеттік органның даму мақсаттарының мемлекет дамуының стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

5-кесте

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары және мақсаттары	Мемлекеттік органның бағытталған мемлекеттің стратегиялық мақсаттары	Стратегиялық құжаттың, нормативті-құқықтық актінің атауы
1-стратегиялық бағыт. Мәдениет және өнер салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру		
1.1 "Мәдени мұра" ұлттық стратегиялық жобасын одан әрі іске асыру	"4-басымдық: Қазіргі заман білімін дамыту, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта арттыруды көтеру және Қазақстан халқының мәдениетін одан әрі өркендету".	"Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы" Қазақстан Республикасының Президентінің 2007 жылғы 6 ақпандағы Жолдауы
1.2 Отандық мәдениетті елде және шетелде кеңінен насихаттау	"Біздің таланттар өздерінің шығармашылық қызметінің арқасында лайықты өмір сүру деңгейіне ие болатындай жағдайлар жасау"	
1.3 Халықтың жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, мәдени құндылықтарға қол жеткізуін кеңейту	Қазақстанның 20 пайызынан кем емес халқына Интернет желісін күнделікті өмірде тиімді пайдалану үшін қолайлы жағдайлар жасау; Ақпараттық ресурстардың Қазақстан халқы өміріндегі әлеуметтік және экономикалық маңыздылығын арттыру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы N 995 қаулысымен бекітілген 2007 - 2009 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасы
1.4 Мәдени сала инфрақұрылымын дамыту	<i>IV. Осы заманғы білім беруді дамыту, халықтың мәдениетін және рухани әлеуетін арттыру</i> . "Осы заманғы дамыған мәдениет жүйесін қалыптастыру, бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті нығайту, тарихи-мәдени мұраларды сақтау және дамыту".	Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 - 2008 жылдарға арналған Бағдарламасын бекіту туралы "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы іс-шаралар туралы" N 80 Жарлығы
2-стратегиялық бағыт. Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру		

	<p>"Мемлекет Қазақстан халқы тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдайлар жасауға қамқорлық көрсетеді".</p>	<p>Қазақстан Республикасының Конституциясы 7-бап , 3-т.</p>
<p>2.1 Мемлекеттік тілді, Қазақстан халқының тілдерін дамыту және тілдердің үш бірлігі ұстанымын жүзеге асыру</p>	<p><i>"III. Қазақстан халқының әл-ауқатын көтеру"</i></p> <p>"Қоғамды топтастыратын мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударғым келеді"</p> <p>"Халықаралық тәжірибе негізінде қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы бағдарламалары мен әдістемеліктерін әзірлеу және енгізу қажет"</p>	<p>"Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекет саясатының басты мақсаты"</p> <p>Қазақстан Республикасының Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы Жолдауы</p>
	<p><i>"Жиырма алтыншы бағыт — Қазақстан халқының рухани дамуы және үштұғырлы тіл саясаты"</i></p> <p>"Тілдердің үштұғырлығы" жобасын кезең-кезеңімен жүзеге асыруды бастау." Қазақстан бар әлемде халқы үш тілді қолданатын жоғары білімді ел ретінде қабылдануы тиіс.</p>	<p>"Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан"</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы Жолдауы <i>Ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды 30 серпінді бағыттары</i></p>
	<p><i>III. "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру"</i></p> <p>Үкіметке "Тілдердің үштұғырлығы" мәдени жобасын іске асыруды тездету керек"</p>	<p>"Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекет саясатының басты мақсаты"</p> <p>Қазақстан Республикасының Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы Жолдауы</p>
	<p>"Республика өз азаматтарын қорғауға және сырт жерлерде қол тигізбеуге кепілдік береді"</p>	<p>Қазақстан Республикасының Конституциясы 11-бап , 2-т.</p>
<p>3-стратегиялық бағыт. Отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру</p>		
<p>3.1. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жетілдіру аясында қазақстандықтардың әлеуметтік сенімін қалыптастыру</p> <p>3.2 Отандық ақпарат өнімдерінің сапасын арттыру</p>	<p>Қазіргі әлемдік стандарттарды ескере отырып отандық БАҚ-тың жұмыс сапасын жақсарту және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006 - 2009 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" 2006 жылғы 18 тамыздағы N 163 Жарлығы</p>
	<p>"Қазақстандық дамудың жаңа кезеңі - жан-жақты жаңғыртуды жеделдету"</p> <p>"Бұл жолда Қазақстан мен осы өңірдің нақты жағдайын ескеріп, әрі әлемнің озық мемлекеттерінің жетістіктерін өзімізде іске асыра отырып, біздің... жаңартуды ешқандай алалаусыз Қазақстан экономикасы мен әлеуметтік өмірінің барлық салаларына таратуымыз керек"</p>	<p>"Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан"</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы Жолдауы</p>
	<p>"Мұрағат ісі жүйесін жетілдіру, нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, мұрағат ақпараттарына қол жеткізуді</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың</p>

<p>3.3 Халықтың Ұлттық мұрағат қорына қол жетімділігін кеңейту</p>	<p>қамтамасыз ету, Ұлттық мұрағат қорын сақтауды қамтамасыз ету"</p> <p><i>"Он тоғызыншы бағыт — "Парасатты экономика" негіздерін қалыптастыру"</i> Тұтас алғанда әлемдік технологиялық даму деңгейіне сәйкес өзіміздің жаңа экономикамызға қажетті білімнің баршаға ортақ базасын ұдайы жаңартып отыру үшін ілгері талаптар қойып, тиісті инфрақұрылым қалыптастыру қажет".</p>	<p>2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" 2006 жылғы 30 қарашадағы N 1153 қаулысы</p> <p>"Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы Жолдауы <i>Ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды 30 серпінді бағыты</i></p>
<p>4-стратегиялық бағыт. Мемлекеттілікті, халық бірлігін әрі қарай нығайту, ұлтты тұрақты дамыту үшін қоғамды шоғырландыруды қамтамасыз ету</p>		
<p>4.1 Халық бірлігін қамтамасыз ету және жалпықазақстандық патриотизмді қалыптастыру</p>	<p><i>II "Қазақстандық мемлекеттілікті одан әрі нығайту, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру "</i> "бірінші.... біз қоғамдық тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуде, қазақстандық біртұтастық пен жалпықазақстандық патриотизмді қалыптастыруда өз моделімізді жүзеге асырдық. Мемлекетті одан әрі нығайту үшін... Қазақстанға ұзақ мерзімді тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім керек"</p> <p><i>2-ұзақ мерзімді басымдық</i> "Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы. Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру"</p> <p><i>"V. Жаңа кезеңдегі негізгі міндеттер"</i> "Жаңа Қазақстанның Орталық Азия өңірі мен әлемдік қоғамдастықтағы жетістіктерін алға жылжыту".</p>	<p>"Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы Жолдауы</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан-2030 барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" атты Қазақстан халқына Жолдауы , 1997 жылғы қазан</p> <p>"Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы Жолдауы</p>
<p>4.2 Мемлекеттің азаматтық қоғам институттарымен өзара ықпалдастығы арқылы мемлекеттілікті нығайту</p>	<p><i>II "Қазақстандық мемлекеттілікті одан әрі нығайту, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру "</i> "Екінші. Қазақстанда қазіргі заманғы саяси жүйені дамыту міндеті тұр. Бұл үдерісте саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар және басқа да қоғамдық институттар басты рөл атқаруы тиіс"</p> <p><i>"Жиырма үшінші бағыт — Саяси жүйені дамыту "</i> "Саяси партиялардың рөлін арттыру, азаматтық қоғам институттарын дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызу"</p>	<p>"Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы Жолдауы</p> <p>"Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы Жолдауы <i>Ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды 30 серпінді бағыты</i></p>

Сектораралық өзара іс-қимыл

6-кесте

Мәдениет және өнер салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру		
МAM Стратегиялық жоспарының іс-шаралары	Мемлекеттік органдар - бірге орындаушылар	Салааралық ықпалдастық іс-шаралары
- тарихи-мәдени мұраны кеңінен таныту, Қазақстанның бірегей бренд ретінде "Мәдени мұра" бағдарламасының халықаралық мәртебесін арттыру	TСM	Экотуризмді дамыту, туристік қызығушылық объектілеріне айналған ескерткіштерге туристік жол бағыттарын әзірлеу
- Ұлттық кітапхана жүйесі ресурстарына қол жетімділікті кеңейту	АБА	Ұлттық кітапхана жүйесінің электрондық қызметтерін ұсыну, кітапханалық қорды цифрлық форматқа ауыстыру (келісім бойынша)
- Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасына қол жетімділікті кеңейту	АБА	Тарихи-мәдени мұра объектілері жөніндегі ақпаратты цифрлық форматқа ауыстыру (келісім бойынша)
- Мәдениет қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру	Еңбекмині	Мәдениет саласындағы қызметкерлердің еңбек ақысы деңгейін арттыру
	БҒМ	Мәдениет саласындағы мамандықтар бойынша жоғары білімді мамандар дайындауға мемлекеттік білім беру гранттарын бөлу
	ЖАО	Мәдениет және өнер саласы мамандарын дайындауды жүзеге асыратын ЖОО бітірушілерін жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету
Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру		
МAM Стратегиялық жоспарының іс-шаралары	Мемлекеттік органдар - бірге орындаушылар	Салааралық ықпалдастық іс-шаралары
Шетелде тұратын отандастармен мәдени байланысты дамыту және нығайту	СІМ	Шетелде ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-шаралар дайындауға ықпал ету
Отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру		
МAM Стратегиялық жоспарының іс-шаралары	Мемлекеттік органдар - бірге орындаушылар	Салааралық ықпалдастық іс-шаралары
- Бұқаралық ақпарат құралдарының құқықтық мәдениетін арттыру және заңның сақталуын қамтамасыз ету - мемлекеттік электрондық БАҚ-тың тақырыптық үндестігі (жұмыс істеп тұрған телеарналар базасында республикалық мамандандырылған телеарналар құру)	Өділетмині БҒМ, ДСМ, ТСМ, Өділетмині	Нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге ы қ п а л е т у Тақырыптық арналар, хабарлар, айдарлар құру
Басқа мемлекеттік органдармен өзара әрекет		

Мемлекеттік орган - бірге орындаушылар	Салааралық үйлестіруді талап ететін міндеттер	МАМ-ның қатысу нысаны	МАМ-ның ақпараттық міндеті
Еңбекмині	Өндірістік күшті дамытуды және орналастыруды есепке ала отырып жұмыс орындарын құрудың және оларды кадрлық қамтамасыз етудің бас схемасын (балансын) жасау	Мәдениет саласындағы жаңа жұмыс орындарды құру болжамы	Мәдениет қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру
	Жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы түсімдерінің уақтылы түсуіне қамтамасыз етуге ықпал ету	Халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелерімен ақпараттандыруды қамтамасыз ету	Отандық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын ақпараттық қолдауды кеңейту және тиімділігін арттыру
	Міндетті әлеуметтік аударымдардың Әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорына уақтылы түсуін қамтамасыз етуге ықпал ету	Халықты міндетті әлеуметтік аударымдар жүйесі мәселелері бойынша хабардар етуді қамтамасыз ету	
БҒМ	Жастарға мемлекеттік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету	Әлеуметтік тәуекелдерді төмендету бойынша мәдени-тынығу және ескерту іс-шараларын өткізу	Қазақстанның даму стратегиясы мен басымдықтарын және жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты түсіндіру және насихаттау
	Азаматтарды патриоттыққа тәрбиелеу	Азаматтарды патриоттық тәрбиелеуге бағытталған іс-шараларды өткізу	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауды қалыптастыру

4. Министрліктің функционалдық мүмкіндіктері және ықтимал қатерлер

Министрліктің қысқа мерзімді стратегиясын нәтижелі орындау үшін **мәдени-ақпараттық кеңістіктің** келесі бағыттарын орындау қажет.

